

"Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы және "Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 193 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 65) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

2. "Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 65) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру үйимдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары:

Ескертпенің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: Педагог жоғарыда көрсетілген оқу және ойын ресурстарын (материалдар, ұсынылатын жабдықтар мен жиһаз) пайдаланады, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндегі стандарттарының талаптарына сәйкес ыңғайлы және қауіпсіз пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын құру үшін ойын, шығармашылық, дамыту аймақтарын дербес айқындауды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).".

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министри

F. Бейсембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК